КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҮЙҒАРЫМ

2025 жылғы 10 қыркүйек іс № 1013-25-00-2/1251 Семей қаласы

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья С.Балғабеков, сот отырысының хатшысы Т.Чулембаева болып, аудармашы М.Серикпаеваның, талап қоюшының өкілі А.Махамбетованың, жауапкердің өкілдері А.Никитенконың, Р.Джумабаевтың қатысуымен

«Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «IRON PROJECT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы негізінде қозғалған азаматтық істі ашық сот отырысында қарап,

АНЫҚТАДЫ:

Талап қоюшы жауапкерге жоғарыда көрсетілген талабымен сотқа жүгінген.

Талап қоюға сай, талап қоюшы жауапкермен 2025 жылғы 01 ақпанда «Шымкент қаласының көшелерін ағымдағы және орташа жөндеу жұмыстарына және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша (жол жүруді реттейтін құралдарды күтіп-ұстау, акрилді бояулармен жолды таңбалау және екі компонентті салқын пластикпен жолды таңбалау) сметалық құжаттарды жасау» жұмыстарына № 08 мемлекеттік сатып алу туралы шартын жасаған. Шарт бойынша жауапкер талап қоюшыға сметалық құжаттарды дайындап тапсыруға, ал талап қоюшы жұмыс нәтижесін қабылдап алып, жауапкерге шарт бойынша 2 777 571 теңгені төлеуге міндеттенген.

Шарт бойынша жауапкер өзіне алған міндеттерді 2025 жылғы 30 желтоқсанға дейін орындау керек болған.

Талап қоюшының дәйектеріне сай, ол 2025 жылғы 05 ақпанда № 32-06-04/303 хатымен жауапкерге 2025 жылғы 14 ақпанға дейін 15 көшенің сметалық құжаттамаларын дайындап ұсынуды сұраған, бірақ жауапкер шарт бойынша міндеттемесін бұл мерзімге дейін орындамаған.

Осыған орай, талап қоюшы соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және одан 8 332,71 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі А.Махамбетова талап қоюды қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады. Мұнымен қоса, талап қоюшының өкілі А.Махамбетова жауапкер шарттың 2)-тармақшасы 4.1-тармағына сай, шарт сомасының 5 % құрайтын 138 878,55 теңге мөлшерінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын электрондық әмиянға құймағандығын көрсетті.

Сот отырысында жауапкердің өкілдері А.Никитенко мен Р.Джумабаев талапты мойындаған жоқ, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады. Шарттың орындалмауына орай, талап қоюшыға қандай да бір жағымсыз салдар туындамағанын, міндеттемені орындау мерзімі 2025 жылғы 30 желтоқанға дейін екендігін, соған байланысты талап қоюшы сотқа алдын ала жүгінгендігін, талап қоюшы заңнамамен көрсетілген сотқа жүгінудің 30 күндік мерзімін өткізіп алғандығын, шарт сомасының 5 % құрайтын 138 878,55 теңге мөлшерінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын электрондық әмиянға мемлекеттік сатып алу веб-порталының дұрыс жұмыс істемеуіне орай құя алмағанын көрсетті.

Сот, ұсынылған дәлелдемелерді зерделеп аталған талап бойынша қозғалған азаматтық іс өндіріспен келесі негіздерге байланысты тоқтатылуға жатады деп есептейді.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 17-бабының 5-бөлігінде (бұдан әрі Заң), егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында белгіленген мерзімдерде тапсырыс берушіге қол қойылған шартты ұсынбаса немесе шартты жасасып, шартты орындауды қамтамасыз етуді және (немесе) демпингке қарсы соманы (бар болса) енгізбесе, онда мұндай әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған болып танылады деп көрсетілген.

Сот отырысында жауапкер шарттың 2)-тармақшасы 4.1-тармағына қайшы, шарт сомасының 5 % құрайтын 138 878,55 теңге мөлшерінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын электрондық әмиянға құймағандығы белгілі болды.

Бұл дерек сотта талап қоюшының өкілі А.Махамбетовамен және жауапкердің өкілдері А.Никитенко және Р.Джумабаевпен теріске шығарылған жоқ.

Осыған байланысты, сот жауапкерді шарт жасасудан жалтарған деп есептейді.

Заңның 8-бабы 5-тармағында, шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушіні жосықсыз тізіміне енгізу уәкілетті органның шешімі бойынша жүргізіледі делінген.

Сондықтан, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің 3 % сомасын енгізбеген жауапкерді жосықсыз деп табу туралы сұрағын шешу соттың емес, уәкілетті органның құзырына жатады, атап айтқанда Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің мемлекеттік сатып алу Комитетінің құзырына жатады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодекстің 277-бабы 1)-тармақшасына сай, егер азаматтық іс сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпаса іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодекстің 268,269-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ҰЙҒАРДЫ:

«Шымкент қаласының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «IRON PROJECT» жауапкершілігі

Құжатқа қол қойылған: Балғабеков С. Б., 17.09.2025
1013-25-3-1Л366

КОПИЯ/КӨШІРМЕ
Құжатқа қол қойылған: Балғабеков С. Б., 17.09.2025
1013-25-3-1Л366

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы негізінде қозғалған азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқтатылсын.

Ұйғарымға тараптар ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Абай облысының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Абай облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы жеке шағым беруге және прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **С. Балғабеков**

Құжатқа қол қойылған: Балғабеков С. Б., 17.09.2025

1013-25-3-1/Д366